

Жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күші жойған

Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 200 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 қаңтарда № 5332 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2015 жылғы 26 ақпандағы № 205 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 26.02.2015 № 205 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 387-бабының 1-тармағына сәйкес және жерлерді аймақтарға бөлу схемасы негізінде, Жангелдин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Автотұрақтарға (паркингтерге), автомобильге май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) жерлерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 381-бабымен белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері 50 пайызға жоғарылатылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

сессиясының төрағасы

мәслихат хатшысы

*Ж а н г е л д и н
а у д а н д ы қ м ә с л и х а т ы н ы ң
к е з е к т і о н ү ш і н ш і*

Р. Ахметжанов

*Ж а н г е л д и н а у д а н д ы қ
С. Нургазин*